



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы мәлімдемесінде төтенше жағдайдың 11 мамырға дейін созылатынын айтқан. Содан бері халық 11 мамырдан бастап қалыпты тірлікке көшуден, карантиннің бітетінінен үмітті еді. Алайда, коронавирус жұқтырушылар санының толастамауы төтенше жағдайды тоқтатқанымен, карантиндік шектеулерді босаңсытуға болмайтынын ұқтырып отыр. Мұны күні кеше мемлекеттік комиссия отырысында жариялаған мәлімдемесінде Президент те атап өтті. Бүгінгі күнге дейін қатерлі дерттің алдын алу үшін кешенді шаралар қолға алынды. 4,5 миллионнан астам адамға 42500 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді.

(Соңы 2-бетте)



Елжан БІРТАНОВ, ҚР Денсаулық сақтау министрі:

«ҚАЗАҚСТАҢДА ВАКЦИНАЦИЯ МӘЖБҮРЛІ БОЛМАҒАН, БОЛМАЙДЫ ДА!»

3 бет



ТӨР – ТӨРАҒАНЫКІ ЕМЕС, ТІЛДІКІ

4 бет



Искан Қайрат ЖӘЛПЕҰЛЫ, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, жылқытанушы ғалым:

АРҒЫМАҒЫ АЗАЙҒАН ЕЛ ШЕТЕЛДЕН ТҰҚЫМ АЛДЫРУҒА МӘЖБҮР

8 бет

РЕФОРМА

СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ СЕНІМДІ АҚТАЙ МА?

«КЕЗДЕСУ ОРНЫН ӨЗГЕРТУГЕ БОЛМАЙДЫ» ДЕГЕН КЕҢЕСТІК СЕРИАЛ ЕСІҢІЗДЕ МЕ? СОЛ ФИЛЬМНІҢ БАС КЕЙІПКЕРІ КАПИТАН ЖЕГЛОВ ҚЫЛМЫСКЕРГЕ: «МЕНІҢ МІНДЕТІМ – СЕН СЕКІЛДІ ҚАНЫПЕЗЕРЛЕРДІ ҰСТАУ, ШЫҢҒЫРТЫП ТҮРМЕГЕ ОТЫРҒЫЗУ!» ДЕЙДІ. ШЫНЫН АЙТУ КЕРЕК, КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН КӨПШІЛІК ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ДӘЛ ОСЫЛАЙ ДЕП ҚАБЫЛДАП КЕЛДІ. КӨПШІЛІК ДЕЙМІЗ-АУ, СОЛ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗДЕРІ НЕГІЗГІ МІНДЕТІМІЗ – ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУ ҒАНА ДЕП ТҮСІНДІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЛПЫ ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДА КЕМШІЛІКТЕР КӨБЕЙІП, ПРОБЛЕМАЛАР ҚОРДАЛАНЫП ҚАЛДЫ. ЕҢ ҚИЫНЫ ПОЛИЦИЯ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫ АЛШАҚТАП КЕТТІ.

Жасыратыны жоқ, полиция десе, жол бойында тұрған «парақор» МАИ қыз-

меткері, жазықсыз жанның қалтасына әлде бір «ұнтақты» салып жіберіп, арандататын жедел уәкіл (опер), қала берді, күдіктіні «айыбын» мойындату үшін қанжоса қылып сабайтын қаныпезер тергеуші көзалдымызға келетін болды. Барлық полиция қызметкеріне топырақ шашудан аулақпыз. Бірақ, кейбір орган қызметкерлерінің осындай көзқарас қалыптастырғаны рас. Оған БАҚ-тағы теріс пікірлердің де әсер еткені бар. Ал, қиын сәтте ерлік көрсетіп, халықтың ортасында нағыз полицияның образын қалыптастырып жүрген құқық қорғау органдарының қызметкерлері жайлы оң имидж жоқтың қасы. Болған күннің өзінде ол қазіргі қазақ

полициясының беделін көтере ала ма?!

Реформаның кілті кімде?

Мен жаңалық ашып отырған жоқпын. Бұл Мемлекет басшыларынан бастап, бүгінгі Ерлан Тұрғымбаев басшылық ететін Ішкі істер министрлігі өкілдерін де алаңдатқан сауал! Тіпті, белгілі спортшы Денис Теннің қазасынан кейін, «ІІМ-не реформа жасау керек» деген бастамашыл топ та пайда болды. Сөйтіп, төмен жақ пен жоғары жақ сол реформаның кілтіні іздеуі керектігі. Кілт табылған сияқты. Ол – сервистік полиция!

(Соңы 5-бетте)

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВ
МЫРЗАҒА!

ҚАЗАҚ
БАСПАСӨЗІНЕ
ҚАУІП ТӨНІП ТҮР!

Қадірлі Қасым-Жомарт
КЕМЕЛҰЛЫ!

Қазақ тілі қазақ халқының жаны болса, қазақ баспасөзі – оның қозғаушы күші. «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатыңызда «Ұлттық қауіпсіздік тілімізді құрметтеуден басталады» деп Тілімізді саясат төріне шығардыңыз. Бұл перзенттік үнііз ұлт жанашырларының тебіренімі, үмітімізді оятты. Иә, ұлттық мүдде сыңға түскенде ең алдымен шырқырап ара түсетін де, жазатын да, тілін де қорғап жүрген Қазақ баспасөзі екенін сіз жақсы білесіз. Сондай-ақ, ол билік пен халық арасындағы алтын көпір ретінде де маңызды рөл атқарып келеді. Ұлттық идеологияның, Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының, өзіңіздің халық Жолдауыңыздың өмір өзегіне айналуына, мемлекетіміздің гүлденуі мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Қазақ баспасөзінің жағдайы қазір аса маңыз емес. Бәлкім, сіз бұл жағынан бейхабар боларсыз. Бірақ, ащы шындық солай.

(Соңы 2-бетте)

КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІСКЕ НЕГЕ ҚАРСЫЛЫҚ КӨП?

ОЙТАЛҚЫ Сәкен ӘМІРЕЕВ, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, эпидемиолог-вакцинолог:
– Екпеге қарсы адамдар – екпе туралы толық мағлұматы жоқ, бірлі жарым жағдайға бола елді дүрліктіріп жүрген жандар. Олар екпенің миллиондаған жанның денсаулығына араша болып, талай жұқпалы дерттен қорғап қалғанын айтпайды, миллионнан бір адамда кездескен қарсы көрсетілімін жыр қылады. Осылайша петиция арқылы жалған мәлімет таратып, тұтас ұлттың денсаулығына қатер төндіріп отырғандарын ұқпайды. Өкінішке қарай қазір құзырлы орындар жалған мәлімет таратып, ел ішін дүрліктіріп жатқаны үшін оларға шара қолданып немесе ел ішінде түсіндіру жұмыстарын жүргізбей отыр. Нәтижесінде ел ішінде екпеге қарсы жандардың қарсылығы күшейіп барады. Қанша жерден олардың келтірген уәжсі қате десек те, басқа ақпарат болмаған соң халық жалған дерекке сенуге мәжбүр.

Бірнеше күннен бері екпеге қарсы петицияға қол жинаған хабарлама әлеуметтік желілер мен whatsapp арқылы кеңінен тарап жатыр. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс жобасына қарсы петицияға бірнеше мың адам қол қойған. Екпеге қарсы жұртты алаңдатып отырған не?

Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:
– «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заң жобасында күштеп екпе салдыру туралы бір ауыз сөз айтылмаған, міндетті екпе және қандай да бір көрсеткіштерге қарай уақытша салдырмау деген ұғым ғана бар. Бірақ, екпеге қарсы петицияға қол жинаушылар ойдан шығарылған фактілермен жұртшылықтың басын қатырып жүр. Көре білсек, екпенің артықшылығы көп. Мәселен екпе салдыра бастағанға дейін пневмококтан болатын пневмониядан жылына 1 500 000 адам қайтыс болады. Тіпті оның бір миллионға жуығы – бес жасқа толмаған балалар болғанын статистика дәлелдейді. Ал, қазір бұл көрсеткіш – балаларды қоса есептегенде жылына 600 мың адам ғана. Бәрі екпенің арқасы. Осы секілді мысалдар, түсіндірме жұмыстары халық арасында жиі айтылуы керек. Екпе салдырмаушылар қатарының артуынан кейбір ауру түрлері көбейіп жатқаны да рас.

(Соңы 3-бетте)

ЖАҢА КОДЕКС

Елжан БИРТАНОВ, ҚР Денсаулық сақтау министрі:

«ҚАЗАҚСТАНДА ВАКЦИНАЦИЯ МӘЖБҮРЛІ БОЛМАҒАН, БОЛМАЙДЫ ДА!»

Соңғы жылдары елімізде екепке мәселесі өте тартысты тақырыпқа айналды. Жақтайтындар екепке алғалы жойылған көптеген жұқпалы ауруларды мысалға келтірсе, қарсылар ел арасындағы бірлі-жарым асқынуларды алға тартады. Қарсылығын хатқа тізіп, қол жигандардың қарасы біраз болғанымен, күні кеше мәжіліс «Халық денсаулығы және денсаулықты сақтау жүйесі туралы» кодекстің жобасын мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберді. Егер сенаторлардың қолдауына ие болса күзге қарай екеннің бір бөлігін міндеттеген кодекс қолданысқа жол тартпақ.

Еліміздің Бас дәрігері Елжан Біртановтың айтуынша денсаулық сақтау саласында бұрын-соңды бірде-бір заң мұндай ашық және ауқымды талқылаудан өтпеген. Бүгінгі күнге дейін жұмыс тобының 42 отырысы өтіп, жобаға 1000-нан астам түзету енгізілген. 11 қоғамдық талқылау Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және облыстарда ұйымдастырылған. Әлеуметтік желідегі парақшасында балаларды вакцинациялау туралы нормаға түсініктеме берген Елжан Амантайұлы: «Вакцинацияға жеке тоқталғым келеді. Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде сапасыз вакциналар, теріс пайғалды сатып алулар мен вакциналарды дұрыс тасымалдамау туралы пікірдің әсерінен кодекстің қабылдануына, оның ішінде міндетті екепке қарсы даулар пайда болды. Бұл қоғамдық сананың ашық манипуляциясы. Қазақстанда вакцинация мәжбүрлі болмаған және болмайды да! Әлемнің кез келген жеріндегі сияқты, біздің елде де ерікті және міндетті вакциналар болады. Бірақ, әрбір жағдайда, ата-аналардың ақпараттандырылған келісіміне немесе вакцинациядан бас тартуға құқығы бар және солай қалады! Вакцина салынбаған балалардың құқықтарын шектейтін ереже жоқ! Ұжымдық иммунитетті, яғни балабақшаға баратын барлық балалардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін бір ғана норма бар» дейді.

Айта кетер жайт, бұл кодекс екепке қатысты мәселені біржақты шешпеген соң «не ұл туады, не қыз туады» дегендей дүдемал шешім ел ішіндегі түсінбеушілікті одан әрі ұшықтыра ма деген қауіп бар. Өйткені, екепте түрлері міндетті және өз еркімен салынатын болып екіге бөліне, ал балаларды балабақшаға кіргізуге рұқсат беру «ұжымдық иммунитетке» байланысты жүзеге асырылатын болса, екепке қарсы ата-аналар ерікті мен міндеттіні шатастырып, жергілікті жердегі дәрігерлерге қарсы шығуы бек мүмкін. Тіпті «ұжымдық иммунитетті» балабақша басшысының өз «көзіріне» айналдырып, «бармақ басты, көз қыстымен» мәселені шешіп отырмасына кім кепіл?! Заңмен айқындалмаған нәрсенің көлеңкелі тұстары көп болатыны айтпағанда түсінікті ғой. Оның үстіне балабақша, мектепке кіргізеу арқылы ата-аналардың жауапкершілігін оята алмасақ, міндетті екені міндеттей аламыз ба? Ал егер халық денсаулығына ара түсіп, ел ішіндегі келіспеушіліктерді шешіп, екепке қатысты мәсе-

лені біржақты қыла алмаса бұл заңнан пайда бар ма, жалпы?!

Шыны керек «коронавирусты қарсы екепке шыққанда ғана толықтай жеңеміз» деп, жоқ екені асыға, емексіп күтіп жүргеніміз рас. Бүкіл әлемді үрейлендірген қауіпті вирусты тек вакцинамен ғана жеңе алатынымызды мамандар да ашық айтып жүр. Еңдеше бар екенің өзінен бас тартатындар жыл санап көбейіп бара жатқанда, жоқ вирустың екепесін неге аңсап, үйден неге шыға алмай отырмыз?! Парадокс!

Кезінде шешек, оба, тырысқақ, сүзек, дизентерия, қызылша секілді қауіпті жұқпалы аурулардан талай адамзаттың қырылып қалғаны, вакцина арқылы ғана оларды толықтай жеңгенімізден артық қандай сенімді бекітетін қандай мысал

Бақыт ТҮМЕНОВА, «Аман-саулық» қоғамдық қорының төрайымы:

– Адамзат тарихы дәлелдегендей, біз көптеген қауіпті жұқпалы ауруларды жеңдік және оның жеңімпазы – вакцинация. Дәрігерлер ектрудің пайдасын дәлелдеумен әлек болса, көпшіліктің көкейінде оның қауіпсіздігі мен сапасына күдік туа бастады. Енді біреулер шариғат тыйым салған деген желеумен балаларына екепке салдырудан үзілді-кесілді бас тартып жатыр. Бұл жерде біз қоғамымызда түсіндіру жұмыстарының кемшін түсіп жатқанын байқаймыз. Адамзатқа кесепаты көп ауруларға қарсы екепке ойлап табу – ғалымдардың ұзақ жылғы ізденісінің нәтижесі. Соны кейбіреулердің түсінбей отырғаны өкінішті. Мәселен дүние жүзі бойынша табиғи шешек ауруының көзі 1978 жылы жойылды. Осыдан 30-40 жыл бұрын іш сүзегінен, қызылшадан балалар өлімі жиі болса, қазір бұл жөнінде сирек естиміз. Еліміздің сондай екепелерді сатып алуға жыл сайын қаржы бөлуі ұлт денсаулығына деген қамқорлықтан туындап отыр. Ұлттық егу күнтізбесі бойынша туберкулез, дифтерия, сіреспе, көкжөтел, полиомиелит, қызылша, қызамық, А және В гепатиттері секілді ауыр асқынулармен өтетін, мүгедектікке апаратын, өлімге жеткізу де ықтимал күрделі дерттердің екепелері ертеден келе жатқан, түрлі сынақтан өткен дәстүрлі екепелер. Сондықтан, вакцинаға қатысты қадағалау жұмыстарын күшейтіп, ел ішінде түсіндіру жұмыстарын жолға салсақ мәселе шешімін табады деп ойлаймын.

керек? Тек ғаламтордағы шала ақпараттар мен ауызекі үрейге, whatsapp-тың негізсіз әңгімесіне сенгендер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу жағы ақсап тұр. Заң жобасына сүйенсек, егер балабақшадағы балалардың 95%-ына вакцина жасалған болса, ата-аналары екепке бас тартқан бүлдіршіндер мекемеге қабылданбақ. Ал, 95 пайыз баланың мүддесін кім ойламақ, олардың ата-аналарының пікірін кім тыңдайды? Ерікті түрде екеп алған ата-ананың, баласының құқығы қайда қалады сонда? Қауіпті жұқпалы дерт үшін 95 пайызға жұқтыру мен 5 пайызға жұқтырудың айырмашылығы да, қиыншылығы да шамалы екенін түсініп қалған жоқ па едік?! Вирус пайызға бағына ма? Ертенгі күні егілмеген бір бала балабақшаға қызылшамен ауырып келсе, қалған балалар егіле тұра ауру жұқтырары сөзсіз. Өрине вируста қарсы вакцина алғандықтан аурудың жеңіл өтетініне күмән жоқ. Бірақ, мұның өзі баланың денсаулығын әлсіретіп, әуреге салары анық. Бұдан бөлек, ауа тамшылары арқылы жұғатын небір қауіпті вирустар пайызға бағынып, тартынып қалады деп кім айтты?!

Өткен жылы елімізде 4,8 миллион бала егілген көрінеді, ал егуден бас тартқандар

саны – 6003. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов «2019 жылы тек 143 бала жағымсыз көріністерге ие болды. Оларда дене қызуының көтерілуі, ісіну, терінің қызаруы секілді ауытқулар болды, бұл 0,003 пайыз. Сонымен қатар, 2019 жылы Қазақстанда екеннің салдарынан көз жұмған балалар тіркелмеген» дейді. Статистиканың өзі-ақ талай нәрсені аңғартады. Тек соларды ел ішінде ашық айтып, түсіндірме жұмыстарымен айналысу маңызды.

Жалпы жыл санап екепкеден бас тартатын ата-аналардың саны артып барады. Жақында міндеттелген вакцинацияға қарсы петицияға қол қойғандар санының 150 мыңнан асқан. Демек бұл бағытта халық арасында көптеген жұмыстар жүргізілуі керек.

МӘСЕЛЕ

ЕҢБЕК – ШАРУАНЫКІ, ТАБЫС – САУДАГЕРДІКІ

Статистика комитетінің дерегіне қарағанда, 2019 жылы жемістерді тұтыну көлемі жан басына шаққанда 2,5 келіге өсіп, көкөністер – 7,5 келіге, картоп 0,1 келіге төмендеген. Егер қала мен ауылды жеке-жеке алып қарастыратын болсақ, жемісті ауылдықтар 1,2 есе, картоп пен көкөністі 1 есе кем тұтынғанын аңғаруға болады. Осы арада бұл атаулы өнім түрлерін ең аз және ең көп тұтынатын өңірлерге де тоқтала кеткен жөн шығар. Мәселен, жемісті қостанайлықтарға (60, кг) қарағанда алматылықтар (98,1) көп тұтынса, көкөністі түркістандықтарға (110,2 кг) қарағанда ақтөбеліктер (61,3 кг), картопты қарағандылықтарға (60,4 кг) қарағанда қызылордалықтар (42,5 кг) ең аз пайдаланған. Ал, экономика министрлігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №503 ғылыми негізделген азық-түлік тұтыну нормасы туралы бұйрығы бойынша жан басына шаққанда көкөніс, жемістерді тұтыну мөлшері де тым кеміп кеткен. Бұл нені білдіреді?

Сіз не дейсіз?

Совет ҚАЛЫМБЕТОВ, Жамбыл облысы Меркі ауданының фермерлер одағының төрағасы:



– Жеміс-жидек пен көкөністің жан басына шаққандағы тұтыну нормасын орындау үшін үкімет пен Ауылшаруашылық министрлігі дұрыс бағдарлама қабылдауы қажет. Оларды өсіру оңай шаруа емес. Әрі оны республика бойынша ауыл шаруашылығының ірі өкілдерімен келісе отырып жасау қажет.

Өздеріңіз жақсы білесіздер қаншама шаруалар өндірген өнімдерін тұтынушыларға өткізе алмай, шығынға батуда. Мәселен, Меркі ауданындағы Совет шаруа қожалығы бағдарлама бойынша 20 гектар жерге интенсивті бақ еккен. Алайда, өндірген алманы не сақтай алмай, не сата алмай, шыққан шығынды жаба алмады. Мысалы 300 тонна алманы сақтайтын орынды салу үшін 28 млн теңге ақша қажет. Оған үкімет субсидия төлемейді. Бағдарлама бойынша 1000 тонналық орынға ғана субсидия төлейді. Сондықтан, шағын шаруа қожалықтары қатты қиналуда. Бұл мәселе тек Совет шаруа қожалығында емес, республикадағы бүкіл шаруа қожалықтарының басындағы жағдай. Пайыздық мөлшерлері жоғары болғандықтан банктен несие алу мүмкін емес. Шаруаларға төлем кезінде қаникул да берілмейді. Өнімді төмен бағамен алғандықтан пайданы шаруалар емес базардағы алыпсатарлар көреді. Сондықтан, шаруалардың сұрайтыны: бірінші, совет дәуіріндегі «Заготконтор» сияқты мекемелерді қайта ашу. Екінші, ауыл шаруашылығы министрі сақтандыру компаниясының қызметіне көңіл бөлсе екен. Сондай-ақ, қосымша қоректендіруге арналған тыңайтқыштарға субсидия төленбеуі мен су мәселесі де өзекті боп тұр. Жер асты суын және тамшылап суару технологиясын пайдалануға болатын еді. Үкімет бағдарламасында жер асты суын пайдалану жеміс-жидек шаруашылықтарына қарастырылмаған. Егер дұрыс бағдарлама қабылдайтын болса жеміс-жидек пен көкөністі қажетті мөлшерде өндіруге шаруа қожалықтары дайын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕҢЕС

КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРДЫ МҮЛТІКСІЗ САҚТАУ МІНДЕТ

Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов аудандық және обан теңестірілген соттардың төрағаларымен селекторлық кеңес өткізді.

Кеңес жұмысына облыстық соттың сот алқаларының төрағалары, Соттар әкімшісінің басшылығы қатысты.

Кеңес барысында ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысы және төтенше жағдай кезіндегі соттардың жұмысы талқыланды.

Сот алқаларының төрағалары Манат Комиршинов және Тәтті Уалиева баяндама оқып, сот төрелігін жүзеге асырудың негізгі кезеңдеріне тоқталды. Соттар әкімшісінің басшысы Гүлжан Жұмағалиева материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін айтты.

Сот төрағасы өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселесіне назар аударды. Әріптестерін әлеуметтік теріс құбылыстың алдын алуға және жолын кесуге шақырды.

Б.Жұмағұлов соттарда барлық карантиндік шараларды мүлтіксіз сақтауды және процеске қатысушыларды сапалы байланыспен қамтамасыз етуді тапсырды. Соттардың төрағаларына сот төрелігін жүзеге асыру бойынша жұмысты одан әрі жақсарту мақсатында бірқатар тапсырмалар берілді.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі



ОЙ ТАЛҚЫ



Сәкен ӘМИРБЕКОВ, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, эпидемиолог-вакцинолог:

Мұның бәрі айналып келгенде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске қарсы пікірлерді көбейтуде. Егер бұл кодекс қабылданып болса ертең вакцина алмаған балалар мектептен шеттетіледі. Демек, келер оқу жылында ана петицияның жетегінде жүрген мыңдаған ата-ана балаларын оқыту үшін Ресейдің онлайн мектебіне алып қашады немесе жасырын жекеменшік мектептерге береді. Сондықтан халыққа түсіндіру жұмыстары жүруі керек. Германияда да екепке алмаған балаларды мектепке кіргізбейді, медициналық сақтандыру күшін жояды. Оларда медициналық ем өте қымбат. Ауыра қалған жағдайда медициналық сақтандыру құқығын пайдалана алмайды. Яғни, бір адамның бойында екепке алмағандықтан қандайда бір жұқпалы дерттің белгісі болса, ол адам толықтай ем шығынын өз қалтасынан көтереді. Бұл өте дұрыс шешім. Бірақ, біздің елімізде медициналық сақтандыру қолға алынғанымен әлі іске қосылып кете қойған жоқ. Сондықтан, екепке алмағандарға жаза ретінде қандай тыйым қолдануды да білмей отырмыз. Екепке алған соң бірлі жарым адамда оқыс жағдай кездескенінмен, оны жеке басқа көптеген аурудан балалар зиян шеге ме деген қорқыныш бар.

Сонымен қатар, Егер екі еліміздегі сәтсіздік 2018 жылы жалпы санға шаққанда 0,05%-ды құраған. Сондықтан осы бағыттағы жұмыстарды әлде де қатаңдатып, екепке салуға барынша мұқият қарап, бас тартқандарды жазалау шарасын жалғастыруымыз керек. Сапасыз вакциналар сатып алынады деп уағаз айтушылар көп, бірақ, бүгінде Қазақстанға Франция, Бельгия, Үндістан, АҚШ, Корея, Ресей елінен ДДСУ-ның талаптарына жауап беретін вакциналар әкелінеді. Яғни, олардың сапасына күмәнмен қараудың қажеті жоқ.

Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:



Мәселен 2017 жылы қызылша жұқтырған екі-ақ жағдай болса, 2018 жылы 500-ден асты, ал, өткен жылы – 13 226 жағдай тіркелген! Қатаң шектеуге бармасақ бұл сан көбейе бермек. Екепке салдарынан орын алатын оқыс жағдай бізде ғана кездесіп жатқан жоқ. Қазір дүниежүзінде дәрігерлер екепке ерекше реакция беретін балаларды анықтауда. Ондай балалар аз болғанмен, бар және екепке қарсылар соларды көрсетеуге тырысады. Алдағы уақытта екепкеден бас тартқан ата-аналар көбейіп келе жатқандықтан, мұның соңы балалардың мүгедек боп қалу оқиғаларының көбеюіне әкеліп соға ма деп қорқамын. Қызылша, қызамық, шешек, құл ауруынан, көкжөтелден және басқа көптеген аурудан балалар зиян шеге ме деген қорқыныш бар.

Сауланманы дайындаған Қалдыбай ДҮЙСЕМБАЕВ

ТӨР – ТӨРАҒАНЫКІ ЕМЕС, ТІЛДІКІ!



– Мұныыз не, маған тиіскеніңіз бе? – деді төраға алдында жатқан ақ қағазға иек қағып. Иә, таныс дүние. Ақ қағаз – жебе жолдау. Кабинет иесінің қылығын естіген бетте жедел жазып жіберілген. Осыдан он минуттай бұрын, көмекшісі арқылы қолына тиген еді. Хат сөздері айыптау үкіміндей саңқылдап тұр: «Біз – Қазақ газеті, «Жас Алаш» пен «Ана тілі», Ұранымыз – Сауаттан. Оқылмайды, біз түгіл. Егеменді Қазақстан!»

Өзі тіленіп тұрған соң істің мәнін түсіндіру жөн көрінді: «Жоқ. Сіздің жеке басыңызда шаруамыз жоқ. Ар-намысыңызға тиіспейміз. Қазақ тілді газеттерді оқымақ тұрмақ, кабинетіңізге кіргізбей, есік аузынан қайтарады екенсіз. Ұят болды. Сұмдық іс. Қорлық, мазаққа пара-пар қылық. Сіз – Күнсіз. Ұжым – күнбағыс, күн көсемге қарап өсетін. Газет – қазақ үні. Тыңдаңызшы, өзіңіз, ол не дейді: «Менде жазық жоқ. Тазамын» – деп зар қағуда. Е, тәңірі, қорғаныссыздың күні қайта айналып келгені ме, шынымен?»

Осыдан он жыл бұрын өткен оқиғаны еске алғызып, айтпасқа

білгендігімен айтқаны емес».

Абай сөзінің тереңін, шыңын, өмірлік шындығын өздеріңіз де байқаған шығарсыздар. Абай «төре билігі – білімсіз билік» дейді. Өңшең ойсыз, түпсіз белсенді, пысық. Шетінен төре болмақ, бас болмақ. Шен-шекпен жамылмақ. Бұл Абайдың ашық, анық айтып отырған рас сөзі. Көзі көріп отыр. Қаптап кеткен келімсек. Ұлықсыған орыс. Көкірек керген, есерленіп, ессізденіп, шатып-бұтқан кілең антұрған. Бір сөзбен түйсек, бұның бәрі қай уақытта болмасын, сайып келгенде – Тексіздік.

Абай сөзіндегі «төре нәсілдері» еріксіз «төраға» ұғымын еске алғызғанда жаңағы оқиға қиядан қиылып кеп қалам ұшына құйылып кетті. Қисынымен қызықтырды. Кешегі кер заманның «білімсіз төресімен», ХХІ ғасырдың «төрағасы» заң алдына қатар шығып тұрғанында да заңдылық бар. Екеуін байланыстырып тұрған ортақ бір дүние – білім.

Біз ежелден төр егесі, ұлттық ұят – Тіл деп келіскенбіз. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Тіл – ел басынан да, топ басынан да

тар. Керек болса, тілмәш бар. Жыртық-жетім күй кешкен қазақ тіліне босағадан орын тие қалса, оған да шүкіршілік етсін. Білімсіз төреміздің өресі өз керегінен әрі аса алмады, сүю мен сенім кеткесін тіл трагедиясы басталды. Білімсіз төре жеке-дара билікке ұмтылды. Сот төрелігінің тілі – қазақ тілі екендігі, қазақтың жалғандағы жалғыз, діні де, ділі де – тілі екендігі тарс ұмытылды.

Түгел сөздің түбі бір. Ол – тіл. Тіл мен сөз жүректі, көкіректі дүние кірінен тазалаушы. Абай сөзіндегі төре нәсілдері түбіміз бір, жүрегіміз таза деп серт етуде. «Біз, біргеміз» дейді жұрт. Қаз дауысты Қазыбек би «Біз – қазақпыз» деп еді. Бір болу – бір тілді тану, бір тілде табылу. Қазақ болу. Қазақты, қазақ тілін байлық, білім, билік төріне шығару. Кедей-кепшік күн кешкен тілде қанша бір күн болған. Тіл – билік. Тіл – үстемдік. Тіл – ұлттық ұят.

Бұрындары «Ұ» дыбысы «болу» ұғымын белгілейтін. Ұл, ұлт, ұлыс, ұжым, ұйым. Заң бойынша төраға сот ісін жүргізуді ұйымдастырушы. Бар істі қарап, шешетін тұрақты білімді, шебер судьялар. Ал, төрағаның бір-ақ ісі бар. Ол – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі. Сот ісінің тілі – қазақ тілі ғана болсын. Сотқа барша жұрт бүкіл ісін, дау-дамайын қазақ тілінде жолдасын. Барын, байлығын салсын, қазақ тілді маман жалдасын. Қазақ тілінде жазылмаған іс-қағаздарын, дау-дамайын сот табалдырығынан аттатпа, заңмен тосқауыл қой, кері қайтар. Төрің де, табалдырығың да ата-анаңа бұйырсын. Табанды бол, талап ет, қазақ тілін таңдасын, Ата Заңнан аспасын. Тілсіз тіршіліктің несі сән? Тіршіліктің шындығы да, шыңы да – Тіл.

Тіл ғылымы – бар ғылымдардың анасы. Қазақ тілін тану – Анасының ақ сүтін ақтамау. Қазақ тілін мәнсіңбеу, жат жұртты асырау, атаңның басынан аттап өту. Тіл – киелі, көзді зат. Төраға, көз тимесін, тіл тимесін десең, Қазақ тіліне төредей орнын қайтып бер. Бүгінгі бір күндік жалтырақ өмірге алданба, дүниеге аяғыңды көп шалдырма. Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ. Біз – пенде. Тіл – Төңір. Жалғыздық – бір төңірінің сыбағасы. Тіл трагедиясы – төңір тезі. Төңір тезі – Тіл трибуналы.

Абай не айтса да біліп айтқан ғой: «Сен де – құдай пендесі, Түспей кетермін деймісің, Төңірінің құрған тезіне?»

Марат АЗБАНБАЕВ

ТАРАЗЫ

ЕЛ ЗАҢДАРЫ ДА ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢҒЫРУДА. БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ӨМІРГЕ ЕНУІ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БҰРЫНҒЫДАН ӘРІ АРТТЫРДЫ. ӘСІРЕСЕ, БІТІМГЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ.

БІТІМГЕРШІЛІК ҚАНЫМЫЗДА БАР

Статистикаға сүйенсек, елімізде әрбір төртінші азамат сотқа дауласпай-ақ шешуге болатын істермен жүгінеді екен. Бүгінде сондай істерде азаматтардың басым көпшілігі судья медиатордың көмегімен татуласуда. ҚР Жоғарғы Соты төрағасының барлық өңірінде татуласу орталықтары ашылды. Дауды сотқа дейін және соттан тыс реттеуге қатысты пилоттық жобалар жүзеге асып, өзін-өзі ақтауда. Мысалы, «Татуласу: сотқа дейін, сотта», пилоттық жобасын алсақ, ол азаматтық сот ісін жүргізудің бастапқы, яғни, талап арызды сот өндірісіне қабылдау сатысында татуластыру рәсімдері арқылы дауларды реттеуді көздейді. Жоба аясында әртүрлі азаматтық істер бойынша келісімдер саны артқанын ресми мәліметтер көрсетіп отыр. Олардың ішінде отбасы-неке, шарттық құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, тұрғын үйге қатысты даулар, ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғау туралы талаптар, т.б. бар. Еліміздің Жоғарғы Соты бабалардың осындай бай мұрасын заманға сай жаңғыртуда өлшеусіз еңбек етуде.

Жоғарыда айтқанымыздай, аудандық және оған теңестірілген соттарда судья медиаторлар белгіленіп, олар сотқа талап арыз қабылданғанға дейін тараптардың татуласуына атсалысуда. Мұнан өзге, талап қою арызы сот өндірісіне қабылданып, азаматтық іс қозғалғаннан кейін де судьялар тараптардың татуласуы үшін шаралар қолданып, дауды процестің барлық сатыларында реттеуге жәрдемдеседі. Істі сотта қарауға әзірлік барысында тараптарға

құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Мәселен, судья татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеу жолын, соттың дауды бейбіт реттеуге жәрдем көрсететінін, сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін тараптардың татуласу құқықтарын пайдалануға толық мүмкіндігі бар екенін жан-жақты айтады. Сонымен бірге, тараптарға татуласу рәсімдерінің түрлері, яғни, дауды татуласу келісімін жасасу арқылы шешу немесе адвокаттарының жәрдемдесуімен партисипативтік рәсім немесе медиаторға жүгіну арқылы медиация тәртібімен реттеуге болатыны айтылады.

Дауды татуласумен реттеуге қол жеткізген тұлғалар уақыттарын үнемдейді. Өрі даулаушылар өзара оң қарым-қатынастарын сақтап қалады. Қазіргі кезде келісімді сотпен бекітуде ешқандай ақы төленбейді. Баж салығы қайтарылып беріледі. Татуластыру рәсімдерін жүргізу нәтижесінде жасалған келісім тараптармен ерікті түрде орындалады. Дауды татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы аяқтағанда тараптардың әрқайсысы үшін тиімді шешімге қол жеткізіледі. Медиация сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл сілділді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешкен. Осы себепті, бітімгершілік бізге жат емес.

**Н.ҚУАНДЫҚОВ,
Ырғыз аудандық соты кеңсесінің
бас маманы,
сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

СЕРВИС САПАНЫ КӨТЕРДІ

«СОТ КАБИНЕТІ» СЕРВИСІ – АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР ШАҒЫМДАРДЫ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ. ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СӘЙКЕС СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕҢГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУЫНДАДЫ.

2014 жылы 9 маусымнан бастап Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының бас-тамасымен «Сот құжаттарымен танысу» және «Сот кабинеті» атты жаңа электронды сервистер іске қосылды. Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі (ҚР СО БААТЖ) бағдарламасы арқылы сот ісі электрондық тәсілмен жүргізілетін болды.

Сотқа келіп түскен талап арыздар, интернет арқылы түскен электронды талап арыздар және басқа да құжаттар электрондық көршікелерге тіркеледі. Оларға тіркеу талоны беріледі. Процеске қатысушы азаматтың ұялы телефон нөміріне немесе электрондық поштасына хабарлама (SMS-хабарлама) мен шақырту жолданады. Хабарламада істің нөмірі, логині және паролі көрсетіледі. Логин мен парольді пайдалана отырып сот процесіне қатысушы тараптар іс бойынша www.sud.kz сайтынан «Сот құжаттарымен танысу» модулінде іске қатысты барлық мәліметтермен таныса алады.

Ал, «Сот кабинеті» сервисімен Сіз ғаламтор арқылы сотқа электрондық түрде талап арыз, сот актілерін беру туралы, сот мәжіліс хаттамасымен таныстыру туралы арыз, сот отырысының аудио-бейнежазбасын ұсыну туралы өтінішхатпен және басқа да арызбен сотқа электрондық үндеулер бере аласыз. Ол келіп түскен арызды қараудың уақытын қысқартады.

Бұдан басқа, сервис арқылы үйден шықпай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеуге, істерді қарау тізімін, сотқа шақыру туралы хабарламаларды алуға, сот істерін іздеуге, сот отырысының хаттамасына ескертпелер жіберуге мүмкіндік бар. Осы электрондық сервисі қолдана отырып, сот отырысының қатысушылары онлайн режимде азаматтық сот істерін реквизиттер бойынша іздеп, таныса алады, іс-жүргізуге қатысты құжаттарды көріп, баспаға шығаруына болады. Алайда, электрондық іс жүргізуге қатысу үшін электронды цифрлық қолтаңба болу қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығынан немесе Жоғарғы Соттың сайтында тапсырыс беретін сілтеме арқылы алуға болады.

Сот жүйесінде жоғарыда аталған электрондық қызметтер тәрізден қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатады, бюрократиялық кедергілерді жояды. Ал, бұл азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге септігін тигізеді, сот жүйесінің тұрғындар үшін барынша айқын және қолжетімді болуына мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне жаңа технологияларды енгізу, халықтың сот төрелігіне қолжетімділігін жоғарылатып, құқықтық қоғамның мүшелеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына сот қызметі туралы жедел және ашық түрде ақпарат алуға жол ашатынын атап өту қажет.

**Е.НАЗАРҒАЛИЕВ,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының сот мәжілісінің хатшысы**

қоймай, ортаға салғызып отырған хакім Абай. Көп алдына шығып, көріне айтуға мәжбүр еткен Абайдың «Біраз сөзі қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» болса, мына бір жолдар: «Есте жоқ ескі мезгілде, моңғолдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп айтысады. Асыл түбі қазақтың сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін, біз татармыз деп айтысады. Онысы біз келімсек емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз деген орынға айтылады, татардың кімі екенін

жоғары. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде сот төрелігінің төріне әлі күнге дейін неге озбай түр дейсіз ғой? Тура айтсақ, төрде қазақ тілі емес, «төраға» жайғасқан. Қазақ тілі билік босағасынан аттай алмай тұрғанын Бұқар Жыраудың тілімен анықтасақ, қай заманда болсын барлық білімсіз «төрағаны» алаңдататын бір-ақ мәселе. Ол – тақтан таймау. Көңілі кедей бай-патшаның сана-сезім өресі төменгідей. Өршіл көңілдің бар арманы – төрде жалғыз отырмақ. Соттың босағасы кең, төрі тар. Керек болса, тілмәш бар. Жыртық-жетім күй кешкен қазақ тіліне босағадан орын тие қалса, оған да шүкіршілік етсін. Білімсіз төре жеке-дара билікке ұмтылды. Сот төрелігінің тілі – қазақ тілі екендігі, қазақтың жалғандағы жалғыз, діні де, ділі де – тілі екендігі тарс ұмытылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР БИІК ТАЛАПҚА САЙ БОЛСА

Мемлекеттік қызмет атқаратындарға қоғам мен мемлекеттің сенімі ерекше. Содан да болар мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын талап жоғары. Осы орайда, әр мемлекеттік қызметші өзінің күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсауы тиіс деп білемін. Сондай-ақ, Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалты қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және

әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға тиіс екендігін мемлекеттік қызметші жақсы білуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да қоғамның наразылығын тудыратын әрекеттерден бойын аулақ ұстауы қажет. Мәселен, жол қозғалысы ережесін бұзу, масақ күйде көлік жүргізу әдепті бұзушылық болып табылады. Кейде БАҚ құралдарынан немесе әлеуметтік желілерден мемлекеттік қызметке сын келтірген мемлекеттік қызметшілер туралы ақпараттарды да көзіміз шалатыны жасырын емес. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітпейді», демекші мұндай ақпараттар, қит етсе қызметтік куәлігін көрсетіп, мәселесін жеңіл шешікісі келетіндер арқылы жалпы мемлекеттік қызметке деген сенімді төмендетеді. Мемлекеттік қызмет-

шілер өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығын да білгені жөн.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметші – қоғамның айнасы болуы тиіс. Тұңғыш Президент «Әр қызметкер іс жүзінде өзінің пайдалы екенін және керектігін ұдайы дәлелдеп отыруға тиіс», – деген болатын. Сондықтан, қызметімізді жат қылықсыз адал атқарғанға не жетсін?!

**Бибігүл ДЕМЕНОВА,
Ақтау қаласының мамандандырылған
тергеу сотының кеңсе меңгерушісі**

БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЛАРЫ

НАР ТӘУЕКЕЛ – ЕР ІСІ

Еңбектің бағаланғаны, ерліктің дәріптелгені жақсы. Бұл өз өмірін тәуекелге тіккен жандардың рухын көтеру үшін керек. Қаһармандарға еліктеп өсетін ұрпақтың санасына отаншылдық дәнн орнықтыру үшін де маңызды.

Әрине, бейбіт күннің батырлары айналғандағыларды құтқарғанда бақай есепті ойламайды. Біреуге көмек қолын созу арқылы абырой жинасам, медаль алсам, қызметте көтерілсем деп те мақсат қоймайды. Оларды ерлікке итермелейтін қызметтік борышы ғана емес, адамдық принципі шығар. Өкініштісі, біздің қоғам жақсылықты жарнамалауға, жақсы істерді насихаттауға сараң. Жылы сөзін қимайды. Ізгі істердің астарынан да ілік іздеу жиілеп кетті. Әйтпесе, басқаны былай қойғанда, полиция қатарында өз басын қатерге тігіп, өзгелердің өмірін сақтап қалғандар өте көп. Отан қорғаушылар күніне орай сондай батыр полицейлердің біразы марапатталды. Ел Президентінің Жарлығымен 29 полиция қызметкері мемлекеттік наградаға ие болды. Марапатты тапсырған Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев батырлардың есімін мақтаншыпен атап, ел атынан алғысын білдірді.

Елімізде коронавирус індетінің таралуына тосқауыл қою мақсатында төтенше жағдай енгізіліп, карантин жарияланғаны белгілі. Осындай сын сағатта да полиция қызметкерлері қатердің алдында жүрді. Халықты сақтандыру, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін барын салды. Үй көрмей, отбасынан жырақта жүріп қызмет еткен сақшылардың жанкештілігі туралы сөз етпесек елдімізге сын болар. Ерлан Тұрғымбаевтың қызметтік міндетін адал атқарып жүрген әріптестеріне алғыс айтып, ақжарма тілек арнауы сақшыларды жігерлендіріп, өздеріне деген сенімін бекіте түскені анық. Ал, құқық қорғау саласында иық түйістіріп бірге жүрген жанның ерлік көрсетіп, ел мақтанышына айналуын көрудің әсері тіпті ғаламат.

Мысалы Батыс Қазақстан облыстық полиция департаментінің қызметкері Шолпан Меденованың есімі бүгінде республиканың түкпір-түкпірін-



Шолпан МЕДЕНОВА



Нұржан БАТҚАЛБЕКОВ



Ербол АМАНБАЕВ



Серікбек АЛПЫСБЕКОВ

дегі сақшыларға жақсы таныс. Тергеуші болып қызмет атқаратын Шолпан іздеуде жүрген қылмыскерді ұстап, криминалдық полиция қызметкерлеріне тапсырған болатын. Былай қарасаңыз, күдіктіні ұстап, қоғамнан аластау әр сақшының міндеті. Сонда Шолпан недей ерлік көрсетті? Оның ерлігі – тәуекелшілдігінде. Жақын күнде дүниеге ұрпақ әкелемін деп отырған Шолпанның қылмыскерге жалғыз қарсы шығуы өзін ғана емес, құрсағындағы нәрестені де қатерге тігуінде. Мұндай екідудай сәтте аяғы ауыр әйел тұрмақ, соқталдай жігіттердің өзі нақты шешім қабылдай алмай жатады. Меденованың мықтылығы осында!

Алматы облысы да батыр полицейлерден кенде емес. Білдей бір тұрғын үй кешенін жарылыс қауіпінен сақтап қалған Нұржан Батқалбеков соның бірі. Арнайы жасақта қызмет ететін сарбаздың жанкештілік үлгісін көрсеткен кезі көп. Соның бірі мынау... Талдықорғанның бір тұрғыны жасаған лаң сол күні біраз адамды әбігерге салған. Ішімдікке әбден тойып, анасымен сөзге келген ол пәтеріндегі газ баллонын жарамын деп қорқытқан. Төртінші қабатта орналасқан пәтерде жарылыс болса бүкіл тұрғын үй шатырсыз қалуы, өрттің ошағына айналуы мүмкін еді. Хабарды ести сала полиция қызметкерлері үй тұрғындарын сыртқа шығарып, бопсалаушы жігітпен келіссөз жүргізуге кіріседі. Алайда, санасы тұманданған жігіт сөзге көне қоймайды. Шұғыл шешім қабылдаған топ бопсалаушыны тоқтатуды Нұржан Батқалбековке тапсырған болатын. Шатырдан төмен түсіп терезеден кір-

ген Нұржан мас жігіттің газ баллонның тұсында сіріңке тұтатқалы тұрғанын көреді. Ойына алғанын іске асырса деген ол терезеден секіріп түскен сарбазға аңтарыла қарап қалған. Батқалбековке осы бірер минут жеткілікті еді. Сіріңке ұстаған қолға жармасқан ол бопсалаушыны тұқыртып, қатер төндірген екі газ баллонын да сыртқа шығарды. Әбжілдік танытқан сарбазға «Ерлігі үшін» медалі табысталды.

Ербол Аманбаев та Алматы облысы Текелі қалалық Полиция бөлімінің учаскелік инспекторы. Бұл жігіт те өз өмірін қатерге тігіп жанып жатқан үйден әйелді құтқарып қалған. Ербол Қожабекұлының айтуынша, оқыс оқиға түнде орын алған. Шақырту түскен жерге жеткен учаскелік полицей өрт сөндірушілердің келуін күтіп тұрмаған. Өйткені, қызыл жалын басталған екі қабатты тұрғын үйде бұдан басқа

бірнеше пәтер бар. Егер өрттің алдын алмаса, ескі үйдегі барлық пәтер отқа орануы мүмкін. Бірден шешім қабылдаған жігіт есікті бұзып ашқанда жалынның өз күшімен сөндірілмеген болған әйел әлсіреп, жерде құлап жатыр екен. Әйелді сыртқа шығарған ол үйге қайта беттегенде өрт тіпті өрши түскен. Есі шығып дағдарған жұрт полицей қою түтін будақтаған үйге қайта кіріп кеткенде тіпті таңданысып қалған еді. Газ баллонын көтеріп шығып келе жатқан Ерболды көргенде ғана жанталасқан әрекеттің мәні түсіген. Көпшіліктің көз алдында батырлығын байқаған жігіттің өңірінде қазір «Өрте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалі жарқырайды.

«Ерлігі үшін» медалімен марапатталған Алматы облысы Полиция департаментінің қызметкері Серікбек Алпысбеков те бір үйлі жанды өртен

арашалаған азамат. Патрульдеу кезінде үйдің жанып жатқанын байқаған Серікбек өрт сөндірушілердің келуін күтіп, қол қусырып тұрмаған. Жалынның арасынан 8 адамды алып шыққан. Аман қалған алты баланың ағаларына айтар алғысы зор.

Жайық өзеніне батып бара жатқан жасөспірімдердің де құтқарушысы қарапайым полицейлер. Тимур Балмағанбетов пен Қуандық Сүйіндіков Атырау қаласы Полиция департаментінде учаскелік инспектор болып қызмет атқарады. Екі полицей суыт хабар түскеннен кейін көмек көрсетуге дереу жеткен. Олар келгенде жеткіліктердің басы судан бір көрініп, бір батып алыстап бара жатты. Бірден көмекке ұмтылған полицейлер жанкештілігінің арқасында бұл балалар да жақындарымен қауышты. Полиция қызметкерлерінің бірінің киіміндегі камерадан құтқару кезіндегі сөздер анық естіліп тұрған еді. Аяқ-қолының жаны кетіп әбден әлсіреген балалардың арпалысы да осы камераға жазылған. Әсіресе, үміті сөне бастаған баланың «Мама, сені жақсы көремін» деп қалжырай айтқан сөзі кім-кімнің де жүрегің ауыртықаны рас. Ана мен баланың амандығынан артық не бар әлемде. Балаларды анасымен табыстырған қос полицейдің де ерлігінің бағаланғаны қуантады.

Қазір полиция қызметкерлерін сынағандар көп. Өр әрекетінен кемшілік іздейтіндер басым. Жағымсыз пікір айтпас бұрын сақшылар жасаған ерліктерді де еске алып тұрған жөн секілді.

Нұрлан ШЫНТАЕВ



Тимур БАЛМАҒАНБЕТОВ пен Қуандық СҮЙІНДІКОВ

РЕФОРМА

СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ СЕНІМДІ АҚТАЙ МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сервистік полиция АҚШ пен Еуропа елдерінде әлдеқашан қолға алынып, бүгінде өз жемісін бере бастаған әдіс. Бір сөзбен айтқанда, бұл Жеглов айтқан «Полицияның міндеті – түрмеге тоғыту емес, керісінше қылмыстың алдын алып, халықпен етене жұмыс істеу» деген сөз. Әлгі «Әкім бол, халқыңа жақын бол» дегенді енді, «Полицей болсаң, халықпен бірге бол» деп айтсақ болады.

Мысалы, Германияда «сервистік полиция» белгілі бір аймақта, ауданда, тұрғындарға қызмет көрсетумен айналысады. Олар күштік құрылым емес, сервистік қызмет ретінде жұмыс жасайды. Халық олардың кеңселеріне түрлі проблемалар мен жағдайларын айтып келеді. Полиция өз кезегінде ол мәселелерді шешуге тырысады. Немістердің сервистік полициясының негізгі міндеттері: қылмысты ескерту және зерттеу, қоғамдық тәртіпті бақылау, сондай-ақ, қылмысты ашудан

бұрын оның алдын алу, азаматтардың полицияға айтқан өтініштері бойынша оларға көмек көрсету... Демек, ішкі мәдениет пен этика ең жоғары дәрежеде.

Францияда да солай. Тіпті, олар сервистік полицияны «Police de proximité» деп те атайды. Қазақша «Жанға жақын полиция» деген мағынаға саяды. Бұлар да атына заты сай. Полиция шынымен де халықпен өте жақын жұмыс жасайды. Негізгі міндеті – қоғамды заң бұзушылықтан қорғау және әр азаматтың қауіпсіздігін сақтау. Америка құрама штаттарында да дәл солай.

Кадр таңдау – үлкен мәселе

Енді осы реформаны Қазақстан жағдайында қалай қолдануға болады? Рас, соңғы екі жылда ішкі істер саласында сервистік полиция моделін енгізу жөнінде біраз қадамдар жасалуда. Атап айтсақ, Қарағанды,

Алматы, Көкшетау секілді бірнеше қалада оның алғышарты жасалды. Учаскелік полицейлердің жұмысына өзгерістер енгізілді. Олардың суреттері мен телефон нөмерін кез келген үйдің кіреберісінен көретін болдық. Кейбір қалаларда азаматтарды қабылдайтын полиция кеңселері пайда болды. Грузиядағыдай, бір айдың ішінде полицияның 70-80 пайызын қысқартып, орнына жемқорлыққа былғанбаған жаңа кадрлар алынбағанмен, баяу да болса, сервистік полиция моделіне көшу басталды дегуе болады.

Бірақ, біздіңше дәл қазіргі қалпында сервистік полицияның болашағы Еуропа елдеріндегідей бола қоюы неғайбыл. Тіпті, Грузиядағыдай болады деп те айта алмаймыз.

Ең бірінші – кадр мәселесі! Мысалы, АҚШ-та полиция қатарына қабылдану үшін, сол елдің азаматты екі жылдық дайындық курсынан өтеді. Сол жерден сертификат алады. Сертификаттың өзі полиция қатарына

алынады дегенді білдірмейді. Ол тек психологиялық жағынан өзін өзі ұстауды үйреніп, тұрғындармен қарым-қатынас тілі бойынша мағлұмат алады. Полиция жөніндегі ілімін толықтырады. Осы екі жылдық курстан өткеннен кейін полиция колледжіне немесе академиясына түседі. Жоғарыдағы сатыларды мінсіз меңгергенде ғана полиция қатарына қабылданады.

Бізде ше? Өлі күнге дейін полиция қатарына қабылданатындардың ең алдымен физикалық дайындығына назар аударылады. Оның құқықтық сауаты, халықпен тілтабысуы және психологиялық мінездемесі екінші кезекте. Нәтижесінде түрлі оқыс жағдайларда полиция қызметкері жұртшылық алдында күлкіге қалып жатады. Тіпті, журналистер мен блогерлердің хайп жинайтын тақырыбына айналғанын да мойындау керек. Мысалы, өткенде «Сіз халыққа қызмет етесіз бе?» деген арандату сұраққа полиция қызметкерінің күмілжіп, «Мен халыққа қызмет етпеймін» деп жауап бергенін де

көрдік. Бұл да дайындықтың болмауы мен саяси сауатсыздықтың бір көрінісі. Сервистік полиция бір ғана полиция қызметкерінен ғана тұрмау керек. Қазіргі ашылып жатқан сервистік офицерде полиция қызметкерлерімен қатар әлеуметтік сала мамандары мен психологтар отырғаны дұрыс. Еуропа елдерінің бәрінде солай. Ал, сол мамандармен қатар отырған полиция қызметкерінің сауаты мен біліктілігі қандай? Бұл үлкен мәселе.

Еліміздегі Ішкі істер саласының академиялары мен институттары енді біліктілігі жоғары, жан-жақты білімді, психологиялық жағынан мығым қызметкерлерді дайындауға кіріскені жөн. Бұл бір-екі айдың көлемінде шешілетін мәселе, енгізе қоятын реформа емес. Ел-жұрттың сенім кредитіне ие құрылым қалыптастырамыз десек, сервистік полицияны енгізуге тырысу керек.

Жанар ТҰРАНҚАЗЫҚЫЗЫ, журналист, заңгер

«БІРГЕМІЗ, МАҚТААРАЛ!»

Түркістан облысы Мақтаарал ауданында «Біргеміз, Мақтаарал!» еріктілер штабы құрылды. Оған облыс әкімдігі мен «Нұр Отан» партиясы қолдау көрсеткен болатын.

Еріктілер штабының мақсаты – техногендік апаттан зардап шеккен тұрғындарға көмек беру, қолдау көрсету жұмыстарын жүйелі жүзеге асыру мен волонтерлықтың жоғары үлгілік мәдениетін сақтау отырып, көмекке мұқтаждардың әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда еліміздің барлық аймағына, еріктілер мен жастардың бастамасымен ұйымдастырылған гуманитарлық көмек керуендері Мақтаарал ауданына толассыз келіп жатыр. Гуманитарлық көмектің көлемі 500 мың тоннадан астам. Облыстық әкімдік пен волонтерлық штаб жанынан құрылған қоймаларда жинақталған азық-түлік, тұрмыстық заттар т.б. гуманитарлық, материалдық көмектерді түсіру-тасу, сондай-ақ, эвакуациялық пункттерге шоғырланған тұрғындарға барынша ыңғайлы үйлестіріп, жағдай жасау – волонтерлардың басты міндетіне жатады.

«Біргеміз, Мақтаарал!» волонтерлар штабы құрамында тоғандар мен дамбылар жасауға жұмылдырылған адамдармен қоса есептегенде 500-ге жуық волонтер қызмет етсе, бүгінгі таңда тұрақты түрде жұмыс жасайтын 100-ге жуық ерікті бар. Бүгінгі күнге дейін эвакуациялық пункттердегі тұрғындарға үш мезгіл ыстық тамақ (ауызашар) ұйымдастырылып, коронавирус індетінің алдын алу бойынша сақтық шаралары жолға қойылған. Волонтерлардың көмегімен 20000-нан астам бетперде мен антисептикалық құрал таратылып, түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Табиғи апаттан зардап шеккен тұрғындар, жасөспірімдер мен балалардың қорқынышын сейілтпін, сенімін нығайту мақсатында ерікті психологтар арнайы тренингтер мен ойындар өткізуді жалғастыруда. Зардап шеккен тұрғындардың кейбірі, түрлі себептерге байланысты арнайы эвакуациялық пункттерден бөлек өз туыстары мен жақындарының үйлеріне орналасқан. Осы ретте, «Біргеміз, Мақтаарал» штабы эвакуациялық орталықтарға қоныстанбаған тұрғындарды азық-түлік пен қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз ету үшін мекенжайлық көмек көрсету үлгісі бойынша жұмыс жүргізуде. Он күн ішінде «Біргеміз, Мақтаарал!» волонтерлар штабы 1100-ден астам тұрғынға, 150-ге жуық отбасыға азық-түлік,



қажетті киім-кешек, құрал-сайман, тұрмыстық, жеке гигиеналық заттармен жан-жақты әлеуметтік көмек көрсетті.

Түркістан облысы Жастар ресурстық орталығының баспасөз қызметі

ОРАЙЫ КЕЛГЕН АҢГІМЕ

Жылқының шыққан жері саналатын елде оған арналған заманауи музей салуға не кедергі?

Кеңестік дәуірде жылқыға арналған музей тек Мәскеуде орналасқан Тимирязев атындағы аграрлық академияда болды. 1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліске дейін қазақ жеріндегі 5 млн қазаққа 4,5 млн жылқы болған екен.

кафедралары болған. Қазір ол елімізде аграрлық саладағы ешбір ЖОО-да жоқ. Тек мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы деген кафедра бар.

Исхан Қайрат ЖӨЛЕЛҰЛЫ, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, жылқытанушы ғалым:

«АРҒЫМАҒЫ АЗАЙҒАН ЕЛ ШЕТЕЛДЕН ТҰҚЫМ АЛДЫРУҒА МӘЖБҮР»

2018 жылдың қараша айында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» деген мақаласы жарияланды. Сонда атқа міну мәдениеті туралы айтылды.

млн-ға жуық ел тұрғынының ішінде жылқы шаруашылығынан ғылыми диссертация қорғаған 35-36 ғалым бар.

Бірнеше жыл бұрын елімізде оншақты жылқы зауыты болған еді. Қазір олардың жай-күйі қандай?

Рас айтасыз, жылқы зауыты деген түсінік бізде 2010-2015 жылдарға дейін болды. Кейін заң талаптарының өзгеруіне байланысты олар статусын өзгертті.

Керем әдебиеттерде айтылатын қазанат деген жылқының жеке тұқымы ма, әлде жай атау ғана ма?

Бұл сұрақты мен де ғылыми жетекшім болған академик Игор Нечаевқа қойғанмын. Ол кісі аңыз деп жауап берді. Мәнінше ауыз әдебиетінде сақталған қалған қазанат деген сөз бекерден-бекер айтылмаған.

Қазақстанда да, көршілес Өзбекстан мен Қырғызстанда да жоқ. Ресейде ғана кеңестік дәуірде қалыптасқан Рязань қаласында жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты бар.

Қазақ халқында жеті жоқтың қатарында жылқыда өттің болмайтыны айтылады. Сіз жылқыда өт бар дейсіз. Оны неге сүйеніп айтып отырсыз?

Жылқыны зерттейтін арнайы ғылыми-зерттеу институты бар ма?

Қазақ өте ақылды, парасатты халық. Өрбір мақал-мәтелі диссер-



азықтың болмауы мүмкін. Сондықтан, организмне керекті қоректі затты толтыру үшін көбінесе атбегілер дәрумендерді (витамин) көп қолданады. Ат жарысы өткен жерлерде кейде шприцтердің жататын себебі атбегілер әртүрлі витаминдерді сол арқылы жылқының ағзасына жібереді.

Сонда біз ұлттық спортты көтереміз деп ағылшын жылқысының да мәртебесін көтеріп жатырмыз ғой?

Рас айтасыз. Бірақ біз енді бәйгеде қазақ жылқысын ғана жүгіртейік, тек соны көтерейік десек артқа шегінгеніміз болады. 2010 жылға дейін ағылшын жылқысының ұшқырлығын көп атбегілер түсінбей келді.

Түркіменбашының Жарлығымен 1992 жылдан бастап жыл сайын сәуірдің соңғы жексенбісінде түркімен жүйрік аттарының күні белгіленген.

Керек, әрине. Атбегілер күні немесе жылқы міну күні деп атауға болады. Ол қажеттілікке байланысты. Осы арада бір нәрсені айта кеткім кеп тұр. Сіз сөз етіп отырған ақалтеке жылқы (генофоны) бізде әлі күнге дейін қалып қойған.

Жүлде қоры қомақты болған соң көп атбегілер жылқыға түрлі дәрі-дәрмек беріп, укол салып жүгіртіп жүр деген өңгімеге қалай қарайсыз?

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ҚАЗҰУ

АЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БІРІ СТУДЕНТТЕРДЕ КӘСІБИ ДАҒДЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ҮЗДІКСІЗ ПРАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. УНИВЕРСИТЕТ ФАКУЛЬТЕТТЕРІ ӨЗИНІҢ ТҮЛКЕНІ ҚАТАРЫНАН ЖАСАҚТАЛАТЫН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР НЕЦЕСТЕРІ АРҚЫЛЫ ЕҢБЕН НАРҒЫМЕН ТҰРАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Соңғы бес жылда ҚазҰУ-да 700-ден астам жұмыс беруші-компанияның қатысуымен бос орындарға 23 жәрмеңке өткізілді, оған 20 мыңнан астам түлек қатысты.

Халықаралық рейтингтерде ҚазҰУ-дың жылжы құбылысы академиялық шеңберлерде үлкен қызығушылық туғызып отыр, сондықтан, өзіміздің базада университеттердің Ғаламдық саммитін өткізу ұйғарылды.

Біздің ең маңызды жетістігіміздің бірі ретінде «Al-Farabi-2» наноспутнигінің ұшырылуын айрықша атап өткен абзал.

Халықаралық рейтингтерде ҚазҰУ-дың жылжы құбылысы академиялық шеңберлерде үлкен қызығушылық туғызып отыр, сондықтан, өзіміздің базада университеттердің Ғаламдық саммитін өткізу ұйғарылды.

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕРГЕ СҰРАНЫС ҮЛКЕН

Беделді «Academic Ranking of World Universities-European Standard» («АЕС») еуропалық рейтингінің зерттеу мәліметтері бойынша ҚазҰУ Қазақстан жоғары оқу орындарының арасында көшбасшы.

Медицина факультетінің барлық клиникалық кафедраларының оқытушылары өздерінің кәсіптік парызын орындай отырып, сырқаттарды емдеуде және олардың өмірі мен денсаулығы үшін күресуде.

Медицина факультетінің барлық клиникалық кафедраларының оқытушылары өздерінің кәсіптік парызын орындай отырып, сырқаттарды емдеуде және олардың өмірі мен денсаулығы үшін күресуде.

ЗАҢ газеті

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Жанахмет АҒЫБАЕВ. Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА. Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы Нұрбол Өлдібаев 8 701 357 66 84. Ақмола Қалкөз Жүсіп 8 701 300 14 74. Түркістан Шадиар Мекенбайұлы 8 775 733 56 65.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ: 050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61. E-mail: zanreklamastana@mail.ru. «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5942 дана. Апталық таралым 11884 дана. Тапсырыс №67 Индекс 65921. Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады.

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар. Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күнен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды.